

## ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәттігүл Кәкенқызы Самұратова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
асс.профессоры, педагогика ғылымдарының докторы,

### Резюме

В данной статье рассматриваются познавательные особенности национального искусства.

### Summary

The problem of traditional kazakh craftsmanship is touched upon in this article. We should mention the educational value of ancient national traditions and correlation with so called the universal «model of world», with the history of the whole humanity.

Қазақ халқының этно-рухани болмысының біртұтас негізін қолданбалы өнері және халық ауыз әдебиеті құрайды. Қол өнері қоршаған ортаны материалдандырса, ал ауыз әдебиеті сол этно-мәдени мұраны халыққа жеткізеді, насихаттайды.

Қазақ өнерінің материалдық және рухани мұрасы ұрпақтан – ұрпаққа жеткен құндылықтары білімдік, танымдық қасиеттерімен ерекшеленеді. Сол бабалар мұрасының ұрпақ мұратына айналуына тарих куә.

Дамыған индустриалды қоғамға дейін өнердің бұл түрі дінге табынушылыққа ал қалған бөлігі жат жұртқа сыйлық ретінде, өз ара қарым - қатынастарды қолдау үшін пайдаланды. Ол туралы этнограф ғалым Ә.Марғұлан мынадай деректер келтіреді: "Қазақ қолданбалы өнерін зерттеу, насихаттау, мұражай жәдігерлерін жинау көрмелер ұйымдастыруға негіз болды. Соның бірі алғаш 1865 жылы Петербургте өткен Ресей халықтарының этнографиялық көрмесіне қойылған. Әсіресе Батыс Қазақстаннан алынған экспонаттар 1867 жылы Москва университетіндегі көрмеде аса жоғары құндылыққа ие болған. Ал, 1878 жылы ең құнды қолөнер бұйымдары (сәукеле, әшекей бұйымдары, киіз үй) Парижге халықаралық этнографиялық конгреске жіберілді [1].

Бүгінде пайдалы - көркем құндылыққа ие болған тұрмыс бұйымдары күнделікті өмірде қолданылып, сұранысқа ие бола бастады. Біріншіден, қазақ салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары негізінде қолөнер бұйымдары қайта жаңғыртылды (мысалы, шілдехана, бесікке салу, тұсау кесу, сүндет той, қыз жасауын дайындауда қолөнер бұйымдары көп пайдаланады). Екіншіден, көне қолөнер жәдігерлерін қайта жаңғырту ұрпаққа бабалар мұрасының тәрбиелік мәнін түсіндіреді. Бұл ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың артуына басты себеп. Демек, халық мұрасының бағасы мен сапасы жоғары, беделді, бірегей көрсеткіштерге ие болды.

Әуесқой шеберлер, маман зергерлер қолөнер бұйымдарын жасаушылар қазірде көптеп саналады. Бұл бетбұрыс материалдық қажеттіліктен туды деп ойламау керек, керісінше халықтың рухани дүниетанымының мәнін анықтайтын бірден- бір құрал. Өйткені халық қолданбалы өнері қазақ жерін мекен еткен түркі тектес тайпалардан бастау алып, олардың рухани мәдениеті мен дәстүрін мұра етті. Ал ою-өрнектерінің көркемдік нақыштылығы ежелгі полеолит кезеңіндегі үнді, ирак, түрік мифологиясымен сабақтасады. Творчестволық іс-әрекет көркемдік кеңістік пен тарихи уақытта жаңа символдық мәнге ие болды. Осындай белгі қасиеттерге ие өнердің бұл түрі санада көркемдік форма түрінде қалыптасады және оның дәстүрлі таңба жүйесіндегі палеосемантикалық терең мазмұны бүгінгі ұрпаққа әсер береді.

Көшпенділер ең аз мөлшерде материалдық шығын жұмсалатын қол өнеріне қанағат етті. Вавилиондық иінтіресті қажет етпеді. Табиғатты ұстаз етіп, өздерін оның төл балаларымыз деп санады. Көркем образ моделінің қайнар көзі табиғат әсер берді, үйретті, ең қолайлы тәсілдерге тоқталуға мәжбүр етті. Жаратылысты қайта құру көшпенділер ойына да кіріп шықпады. Олар үшін табиғаттан биік, құдіретті ештеңе жоқ деп есептеді және үнемі бірлікте, үйлесімділікте болу далалықтардың негізгі қағидасы болды. Сондықтан да, көшіп-қону қажеттілігінен туған бұл іс-әрекет, тәжірибе кездейсоқ емес, ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеуге үйретуде басты мектеп.

Осындай табиғат алдында тапсырған емтиханның көрінісі — киіз үй. Ол жеті қат көк пен жер арасындағы кең байтақ кеңістікте бүкіл ғұмырын сол табиғат аясында өткізетін көшпенділер үшін негізгі мекен.

Халық «жерді түкті кілем, аспанды түксіз кілем» деп киіз үйдің жиһазына теңестіріп, табиғат әсемдігін «сатайын десем ауыр

кілем, сатпайын десем тәуір кілем" деп мойындаған. Ішкі, сыртқы формасы табиғат заңдылықтарына негізделген туындыға Л.Н.Гумилев "Табиғатпен тамырлас көшпенділер үшін мұндай үйлерде тұру астамшылық емес, қажеттілік болған"- деп баға берген.

Өн бойына қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, әдеп-ғұрпын, көркемдік талғамын, дүниетанымын жинақтаған, оның дайындалуында, тігілуі мен тұтылуында шынайы шыныққан қатаң тәртіп, шыңдалған дәстүр бар. Халықтық педагогиканың тамаша идеяларын, дәстүрлерін қоршаған ортамен, кеңістікпен тығыз байланыстырып, үлкен әлемнің кіші көшірмесін сомдаған. Өйткені аспан әлемі көк күмбез — барша тіршіліктің баспанасы болса, киіз үй әркімнің шағын әлемі "көк күмбезі" [2].

Сақ дәуірінен белгілі киіз үй көшіп-конуға ыңғайлы "әлемнің дәлме-дәл көшірмесі" қазақ архитектурасының алғашқысы және "... құрылымдық жағынан осы уақытқа дейін көшпелі қазақтардың бірде біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген типі болып табылады". Монголдың гәрімен салыстырғанда керегесі биіктеу уығының төменгі жағы иіңкі болатындығынан күмбезі көтеріңкі, келбеті сымбатты болып келеді [3]. Академик Ә.Марғұланның айтуынша, қазақтардың киіз үйі ағаштан қиыстырылатын немесе балшықтан соғылатын баспаналармен салыстырғанда өзінің о бастағы нұсқаларының негізгі элементтерін бойына сіңірген жылжымалы тұрғын үйдің біршама кейінгі түрі болған[4]. Киіз — тас емес, ұзаққа сақталуға келмейді, бірақ оның семиотикалық жинақылығы өз ерекшелігімен бүкіл Орталық Азия көшпенділеріне баспана болды.

Номадизм идеясында киіз үй дәстүрлі формаға айналған. Ең көне киіз үй түрін халық "абылайша" деп аталған. Кезінде тарихшы этнограф Ө.Жәнібеков "... абылайшаны (бастапқы аты белгісіз) өте ерте заманнан келе жатқан бәрімізге танымал киіз үйдің өзін де белгілі-бір деңгейде жетілдіре түсуге ықпал еткен баспана үлгісі деп жорамалдауға болады" деген [3]. Осындай бірнеше панжалардың басын біріктіріп, үстіне киіз жаба салатын қос секілді көрінісін суретші А.Қастеевтің алғашқы шығармаларының бірі "Колхоздың сүт фермасы" картинасынан көруге болады [4].

Үш мың жылдық тарихпен өлшеніп, тек XVII ғасырдың аяғында күймемен қатар қолданған. Сән-салтанатты күймелер "Қыз Жібек", "Оғызнама", "Қорқыт", "Қозы Көрпеш — Баян сұлу", "Қобыланды

батыр" эпикалық жырларында көркем суреттелген. Мысалға "Қозы Көрпеш — Баян сұлу жырында;

"Темір күйме іші алтын оның үйі,

Күнде дәурен не қылса келді күйі"- деп жырланған [5].

Міне сонау ерте сақ дәуірінде пайда болған киіз үй жобаларын бүгінде Алтай тауларындағы, Сібірдегі Баян жартастарында, Қырым шоқпар тастарындағы суреттерінен аңғаруға болады. Ең көне айғақтарды Алтайдағы Пазырық және Монғолиядағы Ноин - ұлы қорғандарында сақталған.

Алғашқы көшпенділер архитектурасы бүгінде де өз қажеттілігін жойған жоқ. Оның айғағы малшылар, шопандар үшін жаз мезгілінде тұрғын үй қызметін атқарса, Наурыз тойында, үлкен жиындарда символдық белгі сәндік үшін тігілетінін жасыруға болмайды және дәстүрге айналған.

Оюлы ағаш, сүйек, тоқылған текемет, сырмақ, алаша тағы басқа адам қолымен жасаған табиғаттың заттанған төл туындысы қазақ қолданбалы өнерінің жиынтығы және кеңістік пен уақытты анықтаудың "әмбебап аспабы" деуге болады.

Көшпенділер сонымен қатар қоршаған кеністікті меңгеру барысында құбылыстардың образды бейнесінің символды көрініс таңбаға табынды. Олар ие белгі қызметін атқарды.

Көшпенділер өмірінің экономикалық өзегіне айналып отырған малды меншікті таңбалармен белгіледі. Оған М.Әуезовтың "Абай жолынан" мысалдар келтіруге болады: "... Анау "көз таңба" дейтін Арғын, Бошан аттары . Мына біреуі "ашамай" таңба Керей... "Шөміш " таңбалы Найман екен ғой..." [6]. Негізінен таңбалар дүниетанымдық белгі болумен қатар, көне дәуірдегі қазақ қолөнерінің көркемдік табиғатының рухани өзегі болған.

Ғалымдар таңбаны көне түрік алфавитіне негіз етеді. «...түрік қағанаты тарихының алғашқы кезеңінде-ақ көне түрік таңбаларына, яғни ру символдарына ұқсас болып келетін түріктердің өз жазуы өмірге келді..." [7]. Ол жазуды Білге Қаған, Күлтегін т.б. ел басшылары қолданған. Демек, алфавиттің негізі таңба белгілерден құралып, одан әрі халықтың рухани өнерінің рухани бастауларының бірі ою-өрнектермен жалғасып сабақтаса дамыған. Сол кезден-ақ, таңба, ою-өрнектер сәулет жәдігерлерінде, қолөнер бұйымдарында мағыналы мақсатта қолданылып, рәміздік-дүниетанымдық, көркем-эстетикалық мәнге ие болған.

Зергерлік бұйымдардың Қазақстанның әр жерлерінде этнодифференциалдық көрсеткіші түрліше белгі қасиеттерімен ерекшеленген. Мысалы, батысында заттар әшекейлері ауқымдылығымен, өрнегінің ірілігімен, ал солтүстігінде құрылымдық күрделілігімен, формалар әсемділігімен, салпыншақтарының көптігімен, бұйымдарына ақық, маржан, перезе сияқты тастардан көз салғанымен ерекшеленеді. Шығыс Қазақстанда бұйымдар өте қарапайым формалар айқындығымен, ал Оңтүстік Қазақстанда ою-өрнегімен, нақыштылығымен сипатталады [8].

Дәстүрлі қазақ өнеріндегі экогенетикалық "әлем бейнесі" дүниетанымдық, эстетикалық, тәрбиелік мақсаты ерекше. Халық мұрасындағы ою-өрнектер, зергерлік бұйымдар, киіз үй т.б. танымдық-эстетикалық мәнін халықтық педагогиканың бір тармағы деп танымыз. Себебі онда этностық тұрмыс-салты, дәстүрі бейнелеп қоймай, оның тарихы мен шежіресін, жағрапиясын, әсіресе қазақтың мінезін, ерлігін, қайсар өжеттілігін халық өнеріндегі дәл бейнелейтін қандай құдірет бар. Бабалар мұрасының көркем-бейнелі мазмұны фольклорда насихатталуы қол өнері мен сөз өнерінің бірлігін айқындайды.

Ұлттық өнердің танымдық қасиетін, оның қиын да күрделі тілін түсіне білуге ұмтылуға міндеттіміз.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство: – А.: Өнер, 1986. – 256 с.
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау/ оқу құралы. – А.: Санат, 1997. – 464 б.
3. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. – А.: Рауан, 1995. – 110 б.
4. Марғұлан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. – М., 1964. – 251 с.
5. Қозы Көрпеш - Баян сұлу. – А.: Жазушы, 1988. – 96 б.
6. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А.: Жазушы, 1979. – 424 б.
7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті/ жоғары оқу орындары филология фак. студенттеріне арналған оқулық. – А.: Ана тілі, 1991. – 264 б.
8. Қазақ зергерлік бұйымдары. Авторы және құраст. Ш.Тоқтабаева. – А.: Өнер, 1981. – 28 б.